

Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет жасайтын Инвесторға мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы Шағын ауқымындағы келісім-шартты бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі Агенттігінің Бұйрығы 1999 жылғы 7 желтоқсан N 25. Күші жойылды - ҚР Индустрія және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

**ҚР Индустрія және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді**

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының, "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

13) "Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет жасайтын инвесторға мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы Шағын ауқымдағы келісім-шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 7 желтоқсандағы N 25 бұйрығы (2000 жылғы 6 қаңтардағы N 1020)....

Т е р а ф а

---

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңының 12-бабына сәйкес мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы келісім-шарттарын жасасуды тәртіпке салу және халықаралық келісімдерді реттеу құқығына, Қазақстан Республикасының нормативтік заң актілеріне негізделген келісім-шарт жасау рәсімін бірыңғай ережелерде, ұғымдарды және

белгілеу

мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет жасайтын Инвесторға мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы Шағын ауқымындағы келісім-шартты бекіту.

2. Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1999 жылғы 27 наурыздағы N 1 "Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет жасайтын Инвесторға мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы Шағын ауқымындағы келісім-шарт" қаулысы күші жойылған бол танылсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілсін.

*Төрағаның міндетін атқарушы*

Қазақстан

Республикасының

инвестициялар

жөніндегі

агенттігі

төрағасының

N ----- " ----- "

Бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Шағын ауқымындағы келісім-шарт**

**"Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет жасайтын Инвесторға мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын беру туралы"**

Астана қ.

"\_\_\_" \_\_\_\_ ж.

Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыруды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары туралы осы келісім-шарт Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі (ары қарай - "Агенттік") атынан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттік төрағасы

---

(аты-жөні, фамилиясы)  
мен \_\_\_\_\_ (жеке немесе заңды тұлғамен)  
(ары қарай - "Инвестор") атынан \_\_\_\_\_ (лауазымы, аты, жөні, фамилиясы)  
жасалды.

1) Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделе отырып, экономиканың басым секторларында тауарлар өндіруді, жұмыс атқару мен қызмет көрсетуді, жеделдете дамуды қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасауға бағытталған;

2) Агенттік-тікелей инвестиция әкелетін Инвесторлар алдында Қазақстан Республикасының атынан өкіл болуға уәкілеттік берілген, келіссөздер жүргізу, келісімнің шартын белгілеу және келісім-шартқа қол қою құқығына байланысты бірден-бір мемлекеттік орган болып табылады;

3) Осы келісім-шарт инвестициялық қызмет жасау кезіндегі Инвестор мен Агенттіктің құқықтары мен міндеттемелерін реттейді.

Агенттік пен Инвестор төмендегідей келісім-шарт жасады:

## 1. Анықтамалар

Егер келісім-шарттың мәтінінде басқа түсініктер болмаса, онда төмендегі қолданылған терминдер мен сөздердің мынадай мағынасы болады:

Инвестициялық қызмет - инвестицияларды жүзеге асыру процесімен байланысты кәсіпкерлік қызмет;

Агенттік - Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі;

Инвестор - \_\_\_\_\_ (инвестициялық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар);

Бекітілген Инвестор - Агенттік пен келісім-шартқа отырған Инвестор;

Келісім-шарт - Агенттік пен Инвестор арасындағы жасалған осы келісім-шарт;

Келісім-шарт қүшінің жыл мерзімі - Григориан қүнтізбесі бойынша тізбектеле келетін 12 (он екі) айға тең кезең, Келісім-шарт мәтіні бойынша ол Келісім-шарт қүшіне енген уақыттан немесе жылдан басталады;

Қолданылатын заңдар - Қазақстан Республикасындағы заңдар және де Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдер;

Табыстар - инвестициялық қызметтен түскен табыс немесе қай табыс түріне қарамағанда, соған байланысты төленетін пайда, дивиденттер, пайыздар және басқа ақы немесе заттай төлемдер қоса жатады;

Негізгі капиталға инвестиция - материалдық өндіріс пен материалдық емес өндіріс өрістерінде, тасу, сақтау, қамсыздандыру және құрал-жабдықтарды монтаждау, және де басқа осы инвестицияға тікелей байланысы бар шығындарды қоса алғанда, қызмет мерзімі бір жылдан асатын, қырық айлық есеп көрсеткішінің құнынан артық материалдық активер;

Форс-мажор - Еңсірілмейтін қүш, келісім-шарт орындалу барысын мүмкін қылмай немесе қыындағатын жағдаят (әскери қақтығыстар, табиғат апаттары, табиғи зілзала және т.б.);

Ушінші жақ - Келісім-шарттың 11-тарауында көрсетілген Тараптарды қоспағанда, кез келген жеке немесе заңды тұлға;

Жұмыс бағдарламасы - Осы Келісім-шартқа сәйкес және N 1 Қосымшада дайындалған инвестициялық жобаны жүзеге асырудағы жоспардың барлық түрін білдіреді;

Мониторинг - Осы келісім-шарт бойынша Агенттік тарапынан инвестициялық орындалуына бақылау;

Нақты гранттар - Қазақстан Республикасының Инвесторға ақшалай емес нысанда меншік құқығымен берілетін мүлкі немесе мүліктік құқықтары;

Преференциялар - Агенттіктің инвесторға беретін атаулы сипаттағы артықшылықтары.

## **2. Келісім-шарт мақсаты**

1. Осы келісім-шарт Агенттік пен Инвестордың өзара қатынасын заң жүзінде Мемлекет заңдарына сәйкес инвестиациялық қызметті \_\_\_\_\_ (экономиканың басым секторы) саласында жүзеге асыруда мемлекеттік қолдауды және әртүрлі ынталандыру шараларын белгілейді.

## **3. Инвестициялық қызмет объектілері**

2. Осы келісім-шарт бойынша инвестиациялық қызмет объектілеріне (қызмет түрі) \_\_\_\_\_ жатады, оның ішінде:

Негізгі капиталға инвестиция:

N Шығын статьялары Сомасы (АҚШ долл.)

-----

-----

-----

Негізгі капиталға  
инвестицияның  
барлығы:

-----

Айналым капиталына инвестиция:  
Ақшалай қаражат мөлшері \_\_\_\_\_ АҚШ доллары.  
3. Тікелей инвестицияның жалпы көлемі \_\_\_\_\_ АҚШ доллары.

#### **4. Келісім-шарт мәселесі**

4. Агенттіктің Қазақстан Республикасының тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы заңдарында көрсетілгендей Инвесторға инвестициялық жоба аумағында женілдіктер беру тәртібі осы келісім-шарт мәселесі болып саналады.

5. Қазақстан Республикасының "Тікелей инвестиацияларды мемлекеттік қолдау туралы" заңына және Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігінің \_\_\_\_\_ ж.\_\_\_\_\_, N\_\_\_\_ Бұйрығына сәйкес, Инвесторға мынандай женілдіктер мен преференциялар беріледі:

-----  
-----  
-----

#### **5. Тараптардың құқықтары**

6. Агенттіктің құқығы бар:

1) Келісім-шарт бойынша инвесторлармен берілген уәкілеттілігі шеңберінде Қазақстан Республикасы атынан келіссөздер жүргізуге;

2) осы келісім-шартқа қол қоюға және тіркеуге, және де оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;

3) келісім-шарт бойынша Инвестордың міндеттемелерінің орындалуын бақылауын қоса, инвестициялық жобаға мониторинг жүргізуге;

4) келісім-шарттың жүзеге асуына байланысты барлық нормативтік-құқықтық актілерін, жобаға салған қаржы сомасы мен құрылатын жұмыс орындарының саны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға.

7. Инвестордың құқығы бар:

1) келісім-шарттың шаттарына қайшы келмейтін, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, келісілген инвестиациялық жобаның жүзеге асуына байланысты кез келген әрекет жасауға;

2) Қазақстан Республикасы заңдарының шеңберінде инвестиациялық қызметтің жүзеге асуына керекті құрал жабдықтар мен басқа да материалдарды, активтерді импорттауға және экспорттауға;

3) жұмыс түрлері туралы жоспарда бекітілген сома мөлшерінде Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізуге.

Агенттіктің келісімі бойынша және оның қызмет құзырында Инвесторға қосымша құқық берілуі мүмкін.

## 6. Таратардың міндеттері

### 8 . А г е н т т і к м і н д е т т і :

1) бекітілген инвесторларға Қазақстан Республикасында білікті қызметкерлерді, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді іздестіруде жәрдем көрсетуге ;

2) Қазақстан Республикасы заңдарының шеңберінде, инвестициялық қызметтің жүзеге асырылуына байланысты кедергілерді жоюға ықпалын жасауға ;

### 9 . И н в е с т о р м і н д е т т і :

1) Келісім-шарттың 3-Тарауында көрсетілгендей Жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестиацияны жүзеге асыруға;

2) Жұмыс бағдарламасына сәйкес инвестициялық қызметті бастауға және өндірісті іске қосуға ;

3) келісілген инвестиациялық жобаны жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы заңдарын сактауға ;

4) Келісім-шарттың 5-бабында көрсетілген жеңілдіктер берілген, келісілген инвестиациялық жобаның шартын бұзбауға, инвестиациялық қызметтің пішінін өзгертуге ;

5) инвестиациялық жобаны жүзеге асыруда жаңа технологияларды, озық техника мен "ноу-хауды" қолдануға, менеджмент пен маркетингтің осы заманғы өдістерін енгізуғе ;

6) жергілікті мамандарды оқытып-ұйретудің үздіксіз жүйесін енгізуге, олардың біліктілік деңгейін арттыруға ;

7) жаңа жұмыс орындарын құруға ;

8) инвестиациялық жобаның жүзеге асырылуы туралы ақпаратты келісім-шартта көрсетілгендей Агенттіктің талап ету тәртібі мен көлемінде, тұрақты түрде беріп тұруға.

## 7. Ақпарат пен меншік иелену құқығы

10. Инвестордың өзінің инвестиациялық қызметін жүзеге асыру үшін сатып алған кез келген активі мен құрал-жабдықтары және де ақпараттары, егер келісім-шартта басқаша қаралмаса Инвестордың меншігі болып табылады.

## **8. Салықтар мен төлемдер**

11. Инвестор салықтар мен төлемдерді Қазақстан Республикасының салық заңдырына және осы Келісім-шартқа сәйкес төлеуді міндеттенеді.

## **9. Форс-мажор**

12. Шарт бойынша қандай да болmasын міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін келісуші тараптардың ешқайсысы ешқандай жауапкершілікке тартылмайды, егер бұл орындамаушылық немесе кешігіп орындау тежеусіз күшке (форс-мажор) байланысты болса.

13. Еңсірілмейтін күш жағдаятында кез келген бақылау шенберінен тысқары болатын жағдаяттар жатады, мысалы: әскери қақтығыстар, табиғат апаттары, табиғи зілзала, (өрт, ірі апаттар, коммуникацияның бұзылуы және т.б.).

14. Форс-мажор салдарынан туындаған жағдаяттармен Келісім-шарт бойынша жұмыстар толық немесе ішінара кідіртілген болса, бұл жұмыстардың жүргізілу кезеңі форс-мажор мерзіміне дейін ұзартылады және форс-мажор тоқтатылған сэттен бастап қайта жанданады.

15. Еңсірілмейтін күш жағдаяттары пайда болған жағдайда, одан зардал шегуші Тарап бұл туралы басқа Тарапқа форс-мажорлық жағдаяттарды басталу уақыты мен сипаттамасын анықтайтын жазбаша ескертпені табыстау немесе поштамен жіберу арқылы 10 күн ішінде шұғыл түрде хабарлайды.

16. Форс-мажор жағдаяттары пайда болған кезде Тараптар орын алған жағдайдан шығудың жолын табу үшін жедел түрде кенес өткізеді және мұндай жағдаяттардың салдарын барынша азайту мақсатында берін жасайды.

## **10. Құпиялышық**

17. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келісім-шартты жүзеге асырудагы жұмыстарда, келісім-шарт әрекет мерзімі кезінде барлық құжаттарда, акпараттар мен есептерде құпиялышық шартын (11-Тараудың 11.2-бабына сәйкес) сактайды.

18. Тараптар екінші Тараптың келісімінсіз келісім-шарт әрекет мерзімі кезінде, келісім-шарттың мағынасына немесе инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қатысы бар құпия деп саналатын басқа акпаратты мына жағдайлардан бөлек бере алмайды:

- 1) егер бұл акпарат сотта істі қарау барысында пайдаланылса;
- 2) акпарат Тараптарға келісім-шарт бойынша қызмет көрсететін Үшінші жаққа бұл акпаратты құпия деп қарап және оны Тараптардың белгілеп берген

мақсаттарында және белгіленген мерзімінде ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілсе;

3) ақпарат келісім-шарттағы Тараптарға қаржы алатын банкке немесе басқа қаржы бөлетін ұйымға, мұндай банк немесе қаржылық ұйым бұл ақпаратты құпия деп қарап және оны белгіленген мақсаттарға ғана пайдалануға міндеттеме алу шартымен берілсе;

4) егер ақпарат салық немесе басқа кез келген ақпарат алуына мүмкіншілігі бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үәкілетті органдарына, оның ішінде банк құпиясы болып есептелінетін Инвестордың кез келген банкілік, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары шет елдік банктердегі ашылған есеп-шоттары туралы берілсе;

5) Агенттік келісім-шарт жасалған инвестициялық жобаның жүзеге асуына қатысты барлық нормативтік-құқықтық актілерін, қаржы сомасы мен құрылатын жұмыс орындарының саны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласа.

## **11. Құқықтарды беру**

19. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Инвесторға Келісім-шарттағы құқықтары мен міндеттерін өзінің еншілес ұйымына беруге (негізгі немесе еншілес компанияларына) Агенттіктің жазбаша рұқсатын алдын ала алғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

Инвестор өзінің құқықтары мен міндеттерін бір бөлігін еншілес ұйымына бергенде, Инвестордың Агенттік алдындағы Келісім-шарт бойынша жауапкершілігін Инвестор алады;

20. Заңды тұлға-Инвестор қайта құрылған жағдайда, осы Келісім-шарт бойынша құқықтық мұрагерлік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

## **12. Жобаның мониторингі**

21. Инвестор, әрдайым, кварталына бір рет және келесі есеп кварталының бірінші айының 15-жүлдізынан қалдырмай, Агенттікке инвестиациялық қызметтің жүзеге асуы жайында белгіленген нысанда есеп береді.

22. Инвестор, жыл сайын наурыздың 10-жүлдізынан қалдырмай, Агенттікке дәлелденген аудиторлық қорытындысы бар, өткен жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп береді.

23. Инвестициялық жобаның жүзеге асуы жайындағы Инвестордың атқаруға тиісті міндеттемелерінің мониторингі Келісім-шарт пен Жұмыс бағдарламасының шартына сәйкес жүргізіледі.

## **13. Төрелік**

24. Тараптар инвестициялық қызметке байланысты немесе Келісім-шарттың орындалуынан немесе кез келген интерпретация жағдайынан туатын барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қолданады.

25. Егер кез келген бір тараптың екінші Тарапқа жазбаша өтінішін алған сәттен бастап екі айдың ішінде даулы мәселе нәтижелі шешілмесе, онда Тараптар даулы мәселені шешуді:

1) заңға сәйкес уәкілділігі бар осында дауларды қарайтын Мемлекеттің сот органдарына тапсырады;

2) егер шетелдік Инвестордың мұддесіне сөз келіп және оның қазақстандық сот органдарында даудың қаралмауына жазбаша қарсылығы болса, онда әртүрлі шетелдік сот органдарына тапсырады.

Инвестормен арадағы даулар Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаралады.

26. Шыққан даулар мен келіспеушіліктер толық шешіліп болмай, Тараптар Келісім-шарттағы міндеттемелерінің орындалуынан босатылмайды.

## **14. Келісім-шарт тұрақтылығының кепілділігі**

27. Егер келісім-шарт жасалған соң қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарындағы Келісім-шарттың бастапқы шартын сақтауға мүмкіншілік бермейтін, экономикалық жағдайды айқын қыннататын өзгерістер мен толықтырулар болған жағдайда, Бекітілген инвестор мен Агенттік өзара келісім бойынша Келісім-шартқа өзгерістер мен түзетулер енгізеді.

## **15. Қолданылатын құқық**

28. Келісім-шарт негізінде жасалған басқа келісімдер мен шарттар үшін, егер Қазақстан Республикасы қатысы бар Халықаралық Келісім-шарттарда басқаша көрсетілмесе, Қазақстан Республикасы заңдары қолданылады.

## **16. Келісім-шарттың күшіне ену және қолданылу мерзімі**

29. Келісім-шарттың күшіне ену мерзімі жеңілдіктердің қолдану мерзімімен белгіленген және инвестициялық жобаның қолдану мерзімімен тұра келмеуі мүмкін.

30. Осы Келісім-шарт Агенттікте тіркеуден өткен мезгілден бастап құшіне  
е н е д і .

31. Келісім-шарт оған қол қойылғаннан кейін 15 күн ішінде тіркеуден өтеді,  
содан кейін Инвестор "Бекітілген инвестор" деген статус алады.

## 17. Келісім-шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

32. Осы келісім-шартта басқаша көрсетілмесе, Келісім-шарт жағдайы  
Келісім-шарттың бүкіл қолдану мерзімі кезінде өзгеріссіз қалады.

33. Тараптар Келісім-шартқа келіссөздер мен кеңестер кезінде өзгерістер мен  
толықтырулар енгізуге құқығы бар.

Мұндай өзгерістер мен толықтырулар өзгерген және/немесе толықтырылған  
мәтініндегі Келісім-шарт Агенттікте тіркеуден өткен мезгілден бастап құшіне  
енеді, егер Тараптардың келісімі бойынша басқа одан да кеш мерзімі  
көрсетілмесе.

## 18. Келісім-шарттың әрекетін тоқтату шарттары

34. Келісім-шарттың әрекеті \_\_\_\_\_ жылдың \_\_\_\_\_ айының  
соңғы жүлдзызында, Келісім-шарттың 37-бабында көрсетілген жағдайлардан  
басқа, Келісім-шарттың құшіне енген күнінен бастап тоқтатылады.

35. Агенттікте келесі жағдайларда Келісім-шарттың әрекетін кідіртуге  
құқығы бар :

1) Бекітілген инвестордың Агенттікке берген кез келген мәліметтерінде  
ақпараттарды бұрмалауы немесе қомақты фактілерді жасыруы табылса;

2) Бекітілген инвестор Келісім-шартта көрсетілген шарттарда сақтамаса;

3) Қазақстан Республикасы заңдарын бұзса;

4) Инвестор, берілген салық жеңілдіктерін пайдалынып жұмыс  
бағдарламасында көзделмеген қызметті жүзеге асырса;

5) Шарт әрекеті кідіртілген жағдайда Агенттік Инвесторға бұндай кідіртудің  
 себептері туралы жазбаша ескертеді және ол себептерді жоюдың қонымды  
мерзімін белгілеуді .

36. Келісім-шарт мерзімінен бұрын мына жағдайларда тоқтатылады:

1) Инвестор Келісім-шарт құшін кідірту туралы шешім қабылдауға мәжбүр  
еткен себептерді жоюдан бас тартса немесе бұл себептерді Агенттік белгілеп  
берген мерзімде жоюмаса ;

2) Инвестор өзінің Келісім-шарт бойынша құқықтарын, міндеттемелері мен  
міндеттерін ішінана беруді осы Келісім-шарттың 12-тарауын бұза отырып

**жұргізсе;**

3) Инвестордың Агенттікке немесе басқа Қазақстан Республикасының мемлекеттік органына келісілген инвестициялық жобаның жүзеге асуы туралы жалған ақпарат беруге ниеттенген фактісі анықталған болса;

4) Инвестор бұрын Келісім-шарт құшін кідіртуге апарып соққан әрекеттерді қайтала са;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Инвестор банкрот деп жарияланса;

6) Инвестор жұмыс бағдарламасы ауқымында инвестициялық қызметті 60 күннен артық мерзімге, еңсерілмейтін күш жағдаяттарына байланысты жағдайлардан басқа, тоқтатса (форс-мажор);

7) осы Келісім-шарт бойынша ақпараттың құпиялылығын сақтау туралы шарттар бұзылса;

8) өндірістік кешендерге деген жойылуы мүмкін емес немесе есепсіз шығын келтіретін, қазіргі заңдарда көрсетілген талаптарды бұзғанда.

37. Келісім-шарт өз құшін Келісім-шарттың 37-бабы бұзылған жағдайда, Инвестор Агенттікten Келісім-шарт құшін мерзімнен бұрын жою туралы жазбаша хабар алғаннан кейін 30 күннен кейін тоқтатады.

38. Тараптар, Инвесторға Келісім-шарт құшін тоқтату туралы жазбаша ескерту беру сәтіне дейін атқарылмай қалған ағымдағы міндеттемелерін орындаудан босатылады.

39. Келісім-шарттың 37-бабы негізінде Келісім-шарт бұзылғанда, Бекітілген инвестор шыққан шығындарды өтуге және салық пен басқа төленбей қалған Келісім-шарт бойынша женілдік алған төлемдердің бөлігін, Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілгендей, айып санкциясын қолданып төлейді.

## **19. Жұмыс бағдарламасы**

40. Инвестор, Агенттікпен келісілген Жұмыс бағдарламасы бойынша инвестиациялық қызмет жүргізеді.

41. Инвестор, келісілген Жұмыс бағдарламасына өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасай алады. Жұмыс бағдарламасына өзгертулер, толықтырулар және түзетулер жазбаша түрде, Тараптардың өзара келісімімен енгізіледі.

## **20. Келісім-шарт тілі**

42. Осы Келісім-шарттың мәтіні, оған тіркелген қосымшалар, қосымша тіркелген құжаттар қазақ және орыс тілдерінде қазақстандық инвестор үшін жазылады, ал шетелдік инвестор үшін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде барлық даналары бірдей және бірдей зан құші бар, егер Келісім-шарттың шарты бойынша басқаша қаралмаса, осы тілдердегі бір нұсқа басқаларына қарағанда кейбір баптарының немесе Келісім-шарт бойынша бүтіндей артықшылығы болуы

М ү м к і н .

43. Тараптар \_\_\_\_\_ тілі қатынас тілі ретінде қолданылады деп келіседі. Келісім-шарт құшіне енген құннен бастап, инвестициялық жобаның жүзеге асуына қатысты техникалық құжаттар мен ақпараттар \_\_\_\_\_ т і л і н д е ж а с а л ы н а д ы .

44. Осы келісім-шарттың әкімшілік қызметке қатысты құжаттама мен ақпараттары қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

## 21. Қосымша ережелер

45. Осы Шартты жүзеге асыруға байланысты талап етілетін барлық жазбаша ескертпелер мен құжаттар Тараптардың әрқайсысына тиісті дәрежеде ұзынылған және жеткізілген деп, оларды алу фактісі бойынша есептеленеді.

46. Жазбаша ескертпелер мен құжаттар қолға тапсырылады немесе төмендегі мекен жайларға поштамен, тапсырысты авиапоштамен, факспен, телекс немесе т е л е г р а ф а р қ ы л ы ж і б е р і л е д і :

Агенттік: Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі,  
Астана қ-сы, Бейбітшілік к-сі.10,  
телефон 391261, телефон 391270.

Агенттік төрағасы: \_\_\_\_\_(аты, жөні, фамилиясы)

Инвестор: \_\_\_\_\_(атауы, занды мекен жайы)

Инвестор басшысы: \_\_\_\_\_(аты, жөні, фамилиясы)

47. Осы келісім-шарттағы мекен жайлар өзгерген жағдайда Тараптардың әрқайсысы өзге Тарапты жазбаша түрде хабардар етеді.

48. Келісім-шарттың барлық қосымшалары оның құрамдас бөліктері ретінде қаралады. Қосымшалардың және Келісім-шарттың өзінің ережелерінің арасында қандай да болмасын айырмашылық болған жағдайда Келісім-шарт басым мәнге и е б о л а д ы .

49. Осы Келісім-шарт 1999 жылғы \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы, Астана қаласында, тараптардың өкілетті өкілі арасында жасалды.

Агенттік:  
Қолы \_\_\_\_\_ МО.

Инвестор:  
Қолы \_\_\_\_\_ МО.  
----- жылдын -----  
N \_\_\_\_\_ Келісім-шартқа  
1 Қосымша

(жобаның аты) \_\_\_\_\_  
инвестициялық жобаның  
Жұмыс бағдарламасы

-----  
Жұмыстардың Күнтізбелік жыл Күнтізбелік жыл  
атауы Сомасы АҚШ долларымен 1кв 2кв 3кв  
-----  
4кв 1кв 2кв 3кв 4кв -----  
-----  
Агенттік: Инвестор:  
Қолы \_\_\_\_\_ МО. Қолы \_\_\_\_\_ МО.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК